



Автор: ҚОҢЫРОВА МАРИНА САБЫРЖАНҚЫЗЫ
Пән: Физика
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Тұрақты электр тогы
Тақырып: Электр тогының жұмысы мен қуаты

Сабақ негізделген оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.4.2.12.-жұмыс және қуат формулаларын есептер шығаруда қолдану
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар үшін: • Электр тогының жұмысы мен қуатына түсінік бере отырып, формулаларын қорытып шығарады Басым бөлігі үшін: • Жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолданады Кейбір оқушылар үшін: • Тәжірибе арқылы тұрмыстық құрылғылардың шығынын есептейді.
Бағалау критерийі	-Электр тогының жұмысы мен қуатының формуласын біледі; -Формуласын есептер шығаруда қолдана алады; -Тәжірибе арқылы тұрмыстық құрылғыларды электр шығынын есептеп , салыстырады.
Тілдік мақсаттар	Физикалық шамаға ауызша және жазбаша сипаттама бере алады. Пәнге қатысты лексика мен терминология Жұмыс, қуат,1Вт, 1Дж; Диалог үшін пайдалы сөз тіркестері Электр тогының жұмысын сипаттау үшін ... Қуатты табу үшін ...
Құндылықтарға баулу	Еңбек өнімділігін арттыруда, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, Энергетикада қуатты құрылғыларды қолдану арқылы жұмыстан ұтыс алуға үйрету. Тұрмыстық техника сатып алуда алған білімдерін қолдануға баулу.
Пәнаралық байланыс	Математика-есептер шығаруда амалдар қолдану. Информатика-ақпарат алу. Биология-адам организміндегі бұлшық ет жұмыстары. Дене шынықтыру-буын, бұлшық ет жұмыстары.
Алдыңғы білім	Ток күші,кернеу,кедергі,өткізгіштерді жалғау тәсілдері ұғымын біледі,мағынасын түсінеді.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	«Ой қозғау»әдісі Тұрмыста қандай құрылғыларды қолданамыз? (оқушылар өз жауаптарын береді. Мысалы, шаңсорғыш, кір машинасы, үтік т.с.с) Топқа бөлу: «Тұрмыстық құрылғылар» арқылы топқа бөлінеді. Суретте шаңсорғыш, үтік, кір магинасы бейнеленген Ширату жаттығуы: «Сәйкестендіру» кестесі Физикалық шамалар Атауы Формуласы Өлшем бірлігі Ом заңы $I=q/t$ Вт Ток күші $U=A/q$ А Қуат $I=U/R$ В Кернеу $P=A/t$ А «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды	5e455ab2414fd.png type unknown 5e455abe56cc8.png type unknown 5e455ac08853.png type unknown 5e455addef05a.png type unknown

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	Тапсырма-1. «Кластер» әдіс бойынша ассоциация береді Қуат Жұмыс апсырма-2. «Айналмалы бекет» әдісі арқылы есептер беріледі. 1-есеп:Қуаты 25 Вт токтың 10 минут ішінде жасайтын жұмысын табыңдар? 2-есеп:Электрлік құралда 5 А ток күші 45 минут уақыт ішінде 162 кДж жұмыс жасайды.Осы құралдың кедергісін табыңдар? 3-есеп:Жүк шығырын айналдыратын электрқозғалтқышы 9120 Дж-ге тең жұмыс атқарады. 4А ток күшінде 24 Кл заряд өткендегі электромо- тордың қуатын табыңдар? Тапсырма-3 .« Физикалық эстафата» 3.1. 1-шамның кедергісі мен қуатын,2-шамдағы ток күші мен қуатты және 3-шамдағы ток күші мен кедергіні есептеңдер. Image not found or type unknown 3.2.Кейбір электр аспаптарының қуаты бойынша 30 минут ішінде істейтін жұмысын табыңдар. Image not found or type unknown Бағалау критерийі Дескриптор -қысымның формуласына есептер шығарады; -есептің шартын жазады; -формуланы түрлендіріп қолдана алады; -есептеулер жүргізе алады.	
Сабақтың соңы (5 минут)	Келісім-шарт. Рефлексия («Білімағашы») Image not found or type unknown Бағалау парағы А.Т.Ә Мағынаны тану Топтық жұмыс Жұптық жұмыс Ашық сұрақтар	